



ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІ

Детектив – ағылшынның detective, латынның detego – сөздерінен алынған, қазақша мағынасы – ашамын, айдай әлемге әшкерелеймін дегенге келеді. Негізінен әдеби, әрі кинематографиялық жанр. Жұмбақ жайларды, әсіресе, қылмыс төңірегіндегі құйтырқы әрекеттерді ашып, соның барысын көркем тілмен, нанымды тұжырыммен оқырманға жеткізеді. Ойдың астарында қалайда әділдік, шындыққа жету мақсат етіледі. Заңсыздық пен әділдіктің аражігі ашылып, ақиқаттың жеңісіне екпін береді. Бұрын-соңды жазылған жанр табиғатына, сипатына қатысты шығармаларда аталмыш мәселе бірнеше түрге бөлінеді.

Нақтырақ айтсақ: жабық түрдегі детектив, психологиялық детектив, тарихи детектив, мысқылдық детектив, фантастикалық детектив, кинолық детектив. Классикалық детективтің маңызды ерекшелігі – деректерінің толықтығы.

Детектив жанрының тарихына зер салсақ оның да көне жанрлардың бірі екенін пайымдауға болады. Дерек көздері бойынша топшылағанда детектив жанрына алғаш қалам тартқан жазушы Эдгар По саналады екен. 1840 жылы жазған өңгімелері таза детектив шығармалар. Десек те одан бұрынғы көп авторлар шығармаларында да детектив жанрының элементтері ұшырасады. Айталық У.Родвиннің (1756–1836) «Приключения Калеба Вильямса» (1794) романында негізгі кейіпкерінің бірі оуеской із кесуші (сыщик). Англияда 1860 жылдардан бастап У.Коллинздің романдарынан кейін детектив жанры кең тараған. Француз детективінің негізін салушы Э. Габорио болған. Өкініштісі сол – оның шығармасы француз тілінен басқа тілге аударылмаған сынайлы. Ағылшын тіліне аударылуы мүмкін, бірақ қазақ оқырмандарына таныс емес.

Әлем әдебиетінде айшықты орны бар мәңгі өлмес кейіпкерлер сомдаған детектив романдардың авторлары Артур Конан Дойл, Агата Кристи, Роберт Стивенсон шығармаларына зерделеп үнілі өз алдына бөлек дүние. Бұл мақаладағы мақсат детектив жанрының бітім-болмысынан тек мағлұмат беру ғана.

Өйткені, көп ретте әңгіме әдебиет мәселесіне ойысқанда қазақ детективі туралы сөз сирек. Содан да болар кейде кездесіп, әңгімелесе калсаң әдебиетке жаны жақын кейбір пікірлес, тұрғыластар: «Осы бізде, яғни қазақ әдебиетінде детектив шығармалар бар ма?» деген сұрақты жиі қояды. Ондайда, әрине, әжептәуір тосы-

ҚАЙ ДЕНГЕЙДЕ?



Мағира ҚОЖАХМЕТОВА, жазушы

ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІ ДЕГЕНДЕ ЕҢ АЛДЫМЕН КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ЕСІМІ ОЙҒА ОРАЛАДЫ

– Детектив жанрының көріністерінсіз жалпы әдебиетті елестету мүмкін емес. Алтын тамыры ертегі, эпостық жырлардан бастау алып, кейін әңгіме, повесть, роман, поэмаларда жалғасын тапқан. Шытырман өрі қызықты оқиғалардың желісіне құрылған шығарманы кім сүйсіне оқымайды дейсіз. Әсіресе, жасөспірімдер. Оның бұлардың жан дүниесін байытып, ойлау, сезіну, болжау, пайымдау қасиеттерін дамытуға тигізер ықпалы зор екені даусыз.

Әлемдік шеңберде дәл қазір адамзаттың ақыл-ойын, санасын детективтік монстрлардың жаппай жаулап үлгергендігіне бәріміз күйеміз. Негізінде қатыгездік, зұлымдық, дөрекілік жасырынған. Мұның әсері өнердің барлық түріне ауа жайылып, ұрпағымыздың алқын-жұлқын өумесерленіп, жұдырықтасып-жұлқысуға бейімделуіне өкеліп соқты. Тіпті жүректі ең нәзік, тұңғыш иірімдер діріліндей тербетуге тиіс өн, күйімізге шейін құбыжықтанып барады. Жазудағы сиқымыз да солай. Туған топырағымыздағы ұлттық детективтің сыр-сипатын мысықтай балалаған арзанқол басылым беттерінен жиірек байқаймыз. Оқырманның сұранысы да соған орай қалыптасуда. Көпшіліктің көзін ашып, құбыжықтардың құшағынан құтқаратындай амал бізде жоқ. Жүйелі сын керек. Әрқайсысымыздың иығымыздан сілкіп, селт еткізетіндей, маубастықтан айықтыратындай, талғампаздықтан тазартатындай тез қажет. Ойымызға не келсе соны жазып, жарыққа шығарғанға мәзбіз. «Неткен құнсыздық» дейтін біреу табыла қоляр ма екен...

Қазақ детективі дегенде ең алдымен Кемел Тоқаев есімі ойға оралады. Қалай құмартып оқитын едік, шіркін! Дәуірдің, қоғамның ыңғайына бағытталғанының өзінде кез келген шығармасы нақтылы тағдыр, қым-қиғаш мазмұн, қайран қалдырарлықтай оқыс шешімімен баурайтын. Адам жанының жылуы асқақтығымен астасып, ерекше әсер қалдыратын. Оқырман ретінде Саттар Ерубаетын, Сейітжан Омаровтың туындылары да жас кезімде детективтей қызықтырушы еді. Мұндай әсерді кейінгі кезде сатиралық уытына қарамастан Таңдай Кенееттің кітаптарынан аламын.

Базарбай Исаев, Машқар Гумеров, Орынқұл Тәжиеваның бұл жанрда біраз қалам тербегенін білемін. Детективтің бүгінгі жай-жапсарын талдап-зерттеуге өрменің жетпейтінін мойындаймын. Менен гөрі Рахметәлі Асылбек өлдеқайда тереңірек түсінетін сынайлы.

Әділіне жүгінсек, заман талабы детектив жанрының жан-жақты дамып, қанат жаюын қажетсінеді. Өрі бұған толып жатқан мүмкіндіктер туғызуда. Алыс, жақын шетел баспасөзі, теледидарына өзіміздікін де қоссақ сөз сайынғы соңғы жаңалықтардан, оқиғалардан, хроникалардан Шерлок Холмстың тергеп-тексерген оқиғаларын мың, миллион орап алатындай таңғажайып дариясына күмп ете тұншығудамыз. Бүге-шігесіне үңіліп те, миымызға сіңіріп те үлгермейміз. Міне, осы тұста әлгі тасқындаған ақпараттардың небір детективтік інжу-маржанға айналдыруға тұрарлықтай қадірін түсінуге болады. Сюжет іздеп, қиыннан қиыстырудың қажеті шамалы, жиырма бірінші ғасырдың тынысы, тірлігі, қасиеті, қасіреті, өкініші, қуанышы дайын жоба, дайын сұлба. Топан суындай жайылып, демімізді тарылтқан мәлімет, дерек атаулы қиялдың самғап, шарықтайтын орынын басыбайлы иемденіп алды. Алу, қосу, бөлу, көбейтуге бас қатырмайтындай жағдайға ұқсастықты айтамын. Осындай жеңілдікті (жазушылардың) өзіміздің пайдалана алмай жүргеніміз өкінішті-ақ. Біз әлі де өткен ғасырлардың мұң-мұқтажы шылауында шырматылудамыз. Белгілі бір өлшем, тәртіп, ережеге (кедейшіліктен жабысып, айырылмайтынмыздай) дағдыланғанымыз сонша, дәл қазіргі ортаның тебіренісін ұғуға талпынбаймыз, уақыттың көз ілеспес жылдамдығынан, сағаттың сыртылынан тыс сыртта қалғанымыз қашан десеңізші...

Алда-жапда авторы табылса, бұған детективтік шығарма жауап беріп, құрсаудан құтқаруы мүмкін. Детектив жаза алатындарға құрметпен қызыға қараймын.

лып қаласын. Бірақ барды бар деу керек. Қазақтың қай жазушысының шығармасын оқысаңыз оқиғаның астарынан қылмыстық әлемнің құйтырқы әрекетін ұшырастыра аласыз. Кітапты, әсіресе, жана кітаптарды үзбей оқытандар үшін бұл сұрақ тансық емес.

Ықылым заманнан бұл жанр бізде өрбіп, өсіп отырған. Өзіміздің төл ауыз әдебиетімізде (фольклор) қаншама детектив ізі жатыр. Мысалға алсақ қазақ ертегілеріндегі, батырлар жырындағы анау мыстан кемпір, жезтырнақ, дию, жалғыз көзді дәу, сайтан, Ібіліс – бәрі

қылмыстық ортаның кейіпкерлері. Соны дәл аңғарып, кемеңгер ата-бабаларымыз адамдарға қастандығын дәл ажыратып айта білген ғой. Алпамыс батыр жырындағы Байбөрі байға, оның отбасына соншама қиянат жасаған, тентіретіп күл еткен Ұлтанқұл мен қатыны Бадамшаның зорлық-зомбылық қылығы жанр табиғатының нағыз қайнар көзі емес пе. Әліптің ақ-қарасын анықтап, соларға қылмыстық әрекетіне қарай үкім шығарып, жаза кесуші Алпамыстың өзі екені белгілі.

Классик жазушыларымыздың көркем туындыларын оқып отырып, қай-қайсысында да детектив нышандары кездесетінін аңғаруға болады. Түптеп, түстеп арнайы қалам тартпаса да М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров және басқа да классиктеріміздің шығармаларында осы жанрдың қаншама ізі жатыр. Атап айтқанда М.Әуезов шығармасында келінімен жақындасып қойды деп атасы екеуін өлтіруі, С.Мұқанов шығармасындағы Амантайдың соққыға жығылуы, Итбайдың өлімі және басқа.

«Бандыны қуған Хамит» оқиғасы желісін саралай отырып, осы жанрдағы тың туынды екеніне көз жеткіземіз. Мұнда жабық түрдегі детектив үлгісі жатыр. Себебі, оқиғаға қатысушы екі адам ғана. Банды мен Хамит. Екеуара оқиғаны Сейфуллин асқан шеберлікпен баяндаған.

Тікелей детективтік шығармаларға ден қойып, жазушылық биікке көтерілген Кемел Тоқаев еңбектеріне кезінде сан мәрте тұшындық емес пе. Ол детектив жанрының жоғарыда біз атаған бірер түрін баса қамтыған жазушы. Мысалы, «Сарғабанда болған оқиға» туындысында нағыз детектившілдік қарымын танытқан. Тірі қалған екі-үш жасар сәби арқылы із кесе отырып, тергеуші бар шырғаланды дәлелдеп шығады. Оның тергеу барысындағы білгірлігі Артур Конан Дойлдың Шерлок Холмсынан кем емес. Сол сияқты «Түнде атылған оқ» туындысы классикалық үлгідегі туынды.

Санамалай берсек «Ар жазасы» шығармасымен танымал Кәрім Баялиев, осы жанрда тұнғыш жинақ берген Бекен Нұрахметов, «Зауал» атты детектив авторлары Алдажар Әбілов пен Орынбек Асылбаев, т.б. Мысалы, Кәрім Баялиев шығармаларында тергеуші әділдікті ту етіп, сол жолда шынайы әрекетімен танымал болады. Түптеп келгенде қылмыстың сан қилы шарғысын жетік білетін төжірибелі зангер. Агата Кристидің Марплының денгейіне жетпесе де өз дәрежесінде барлық құйтырқыны аңғарғыш әбжіл маман екені әсерлі суреттеледі.

Ал Бекен Нұрахметовтың «Қорқаулар түнде жортады» еңбегін саралар болсақ, бұл детектив жанрының ішіндегі бір парасы ғана, ол – қазіргі детектив сыншыларының пайымдауынша милициялық (полициялық) баяндау. Бір себебі, деректі, шынайы оқиғаны газеттік сарында ғана әңгімелейді. Әдеби көркемдік әспет беру мүлде байқалмайды. Оған мысал «Жоғалған қыздың тағдыры», «Өгей баланың өлімі», «Жала мен жаза» және басқалар. Бәрі де ішкі істер орындарынан алынған деректердің кезінде мерзімді баспасөзде жарияланылған нұсқасы.

Қорыта айтқанда, детектив төл әдебиетіміздегі өскелең жанрлардың бірі. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей оның сорабы сонау

ауыз әдебиетімізден бері үзілген емес. Уақыт – таразы. Жана кезеге сай қомақты туындылар кезектесіп дүниеге келері анық. Әлі-ақ бұл жанр әдебиет айдынында өз қарымын паш ететіні даусыз. Бір өкініштісі, Жазушы одағы тарапынан бұл жанр туралы ешбір сөз не қолдау жоқ. Әйтпесе, жазушылар пленумы жыл сайын өтеді, амал не, детектив, әсіресе, қазақ детективі (қарыбаян) туралы өсте сөз болған емес. Қазақ детективі жайлы пікір тоғысы болатынына алдағы күндерден үміттіміз. Бірақ сол күн ұзаққа созылмағай деген тілектеміз...

ҚЫСҚА-НҮСҚА

Герольд БЕЛЬГЕР, жазушы:

– Мен детективке ешқашан ынта қойған емеспін. Сондықтан бұл жөнінде екшеп, түстеп ештеңе айтпаймын. Дегенмен, қазақ әдебиетінде оның көріністері, үлгілері жетерлік.

Әтина ЖӘКЕТОВА, ардагер журналист:

– Қазір жасым 88-де. Кезінде отыз жылға жуық «Қазақстан әйелдері» журналын басқардым. Шынымы айтсам, бүгіндері кітап оқуға шамам жоқ. Арагидік газет ақтарған боламын. Қазақ детективін қалыптастыруда Кемел Тоқаевтың көп еңбектенгенін білемін. Кей шығармаларын кезінде қызыға оқығанбыз. Тоқаевтың бір қасиеті – шыншыл, турашыл адам еді.

Оңай ТҮРҒАЛИЕВА, жазушы:

– Мәселен, Ресей баспапарынан жылына қаншама детектив кітаптары таралып жатыр. Идеясыз, көркемдігі төмен сол кітаптардың көбі талғамсыз, сауатсыз оқырмандардың сұранысына ие. Қаптап кеткен жазғыштардың басты мақсаты – пайда табу болғандықтан, олардың таңдап алған тақырыптары да тәрбие беру, жақсылыққа ұмтылу емес, агрессияны дәріптеу. Сондықтан да мен осындай детективтің біздің әдебиетте дамуына ынталы емеспін. Ал классикалық детектив жанры қазақ әдебиетінде жоқ десем өтірік емес. Мүмкін кей шығармаларда аздаған сарыны кездесетін шығар, бірақ осы жанрды толық меңгеруге жазушылардың өлі де тісі батпай жүр-ау деймін.

Салтанат ЖАРҚЫНБЕКОВА, Өнер институтының студенті:

– Әрине, кітапты жиі оқимын. Маған әсіресе, тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармалар ұнайды. Детективтерді де оқығанмын. Бірақ К. Тоқаевтан басқа бұл тақырыпқа арнайы қалам тартқан қазақ жазушысын білмеймін. Қазақ тілінде жазылған мұндай шығармалар жоқ сияқты. Дүкен мен кітапхана сөрелерінде тек шетел жазушыларының орыс тіліндегі кітаптары немесе солардың қазақша аудармалары ғана.

Рахметәлі АСЫЛБЕК.

